



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2024 жылғы 15 ақпандағы
№ ДС-49

Құрметті депутаттар!

Агротуризмді дамыту қажеттігі туралы депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

«Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабының 5-тармағына сәйкес салалық қағидат бойынша туристік қызметтерді көрсетуге және нақты саладағы объектілермен және қызметпен танысуға деген туристік қажеттіліктерді қанағаттандыруға байланысты туризм бағыттары ажыратылады.

Бұл ретте Заң шеңберінде ауылдық (аграрлық) туризмді айқындау Салалық, субъектілік және объектілік қағидаттар бойынша Қазақстан Республикасындағы туризм бағыттарының сыныптауышында бекітілген.

Анықтама: ауылдық (аграрлық) туризм – ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлік субъектілерінің қызметімен танысу және (немесе) демалу мақсатында ауылдық жерде уақытша болуға бағытталған саяхат.

Туристік саланы дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында ауылдық жерлерде перспективалы агротуристік объектілерді анықтау, ауылдарда туристерге қызметтер көрсету бойынша ауыл тұрғындары үшін оқыту іс-шараларын өткізу, агротуризм субъектілерінің тізілімін жүргізу және инвестициялар тарту бөлігінде агротуризмді (ауылдық туризмді) дамытуға бағытталған бірқатар шаралар көзделеді.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде орналасқан туристік құрылыс объектілерін заңдастыру мақсатында «Кейбір заңнамалық актілерге Туристік саланы қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы шеңберінде агротуристік бағытты қоса отырып, ауыл шаруашылығы қызметінің түрлерін кеңейту бөлігінде заңнамалық түзетулер пакеті әзірленді.

Аталған заң жобасы Парламент Мәжілісінде қаралуда және тиісті жұмыс тобының шеңберінде агротуризмді ынталандыру және қолдау шараларын пысықтау жоспарлануда.

Сонымен қатар туризмнің осы түрін дамыту үшін семинарлар, экспедициялық-ізденіс жұмыстары түрінде кіріспе курстар ұйымдастырылды, сондай-ақ агротуризм субъектілеріне арналған тегін оқыту семинарлары жарияланып, шетелдік және қазақстандық туроператорлар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін ақпараттық турлар өткізілді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде тиісті заңнамалық түзетулер қабылданғаннан кейін мемлекеттік қолдау шаралары мен бірлескен іс-қимыл жоспарын әзірлеу мәселелерін пысықтай отырып, агротуризмді одан әрі дамыту жұмысы жалғастырылатынын хабарлаймыз.

О. Бектенов

Тізім

«Ақ жол» фракциясының депутаттарына:

Е. Бейсенбаев

А. Перуашев

Д. Еспаева

Е. Барлыбаев

Қ. Иса

А. Садықов